

Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ашық деректер тізбесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 20 қаңтардағы № 47 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 10 наурызда № 13430 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2021 жылғы 24 желтоқсандағы № 807 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Ішкі істер министрінің 24.12.2021 № 807 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Ақпараттандыру туралы" 2015 жылғы 24 қарашадағы Қазақстан Республикасы Заңының 9-бабы 15) тармақшасына сәйкес **БҰЙЫРАМЫН:**

1. Қоса беріліп отырған Ашық деректер интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ашық деректер тізбесі бекітілсін.

2. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Төтенше жағдайлар комитеті (В.Р. Беккер):

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оны мерзімді баспа басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқық актілерінің эталондық бақылау банкіне енгізу үшін "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жолдауды;

4) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шараларды орындау бойынша мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары В.К. Божкоға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының

Ішкі істер министрі

полиция генерал-полковнигі Қ. Қасымов

"КЕЛІСІЛДІ"

Қазақстан Республикасының

Инвестициялар және даму министрінің

Міндетін атқарушы

_____ Ж. Қасымбек

2016 жылғы 28 қаңтар

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 20 қаңтардағы
№ 47 бұйрығымен
бекітілді

Ашық деректердің интернет-порталында орналастырылатын Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ашық деректер тізбесі

р/с №	Ашық деректер жиынтығының атауы	Өзектендіру кезеңі	Ұсыну мерзімі	Дереккөздер (ашық деректер интернет-порталының АЖО арқылы немесе мемлекеттік органның АРІ жүйесі арқылы)	Жауапты тұлға
1	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігіне және оның ведомстволарына ведомстволық бағынысты комитеттердің, департаменттердің және аумақтық органдардың тізбесі	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Кадр жұмысы департаменті
	Қазақстан Республикасы Ішкі істер				

2	министрлігінің ведомстволық білім беру ұйымдарының тізбесі	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Кадр жұмысы департаменті
3	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің ш е т мемлекеттердегі өкілдері	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Штаб-департамент
4	Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген көлік құралдарының және олардың тіркемелерінің саны	Жарты жылда 1 рет	Жарты жылда 1 рет	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Әкімшілік полиция комитеті
5	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі орталық аппаратының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің б о с лауазымдары туралы мәлімет	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Кадр жұмысы департаменті
6	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі Төтенше жағдайлар комитеті орталық аппаратының әкімшілік мемлекеттік қызметшілерінің б о с лауазымдары туралы мәлімет	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Төтенше жағдайлар комитеті
7	Мемлекеттік емес өртке қарсы қызметтердің тізілімі	Ай сайын	Ай сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Төтенше жағдайлар комитеті

8	Өрт қауіпсіздігі саласындағы аудит бойынша қызметті жүзеге асыруға аккредиттелген сараптамалық ұйымдардың мемлекеттік тізілімі	Ай сайын	Ай сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Төтенше жағдайлар комитеті
9	Авариялық-құтқару қызметтерінің және құралымдарының тізілімі	Ай сайын	Ай сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Төтенше жағдайлар комитеті
10	Орталық және өңірлік әскери-дәрігерлік комиссиялардың атулары және мекенжайлары	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Тыл департаменті
11	Қазақстан Республикасы ішкі істер органдарымен көрсетілетін мемлекеттік қызметтердің тізбесі	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полиция департаменті, Жедел-криминалистикалық департаменті, Ақпараттық-талдау орталығы, Әкімшілік полиция комитеті, Төтенше жағдайлар комитеті
12	Бұзушылықтардың түрлері бойынша Жол жүрісі қағидаларын бұзушылықтардың айыппұл мөлшері	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Әкімшілік полиция комитеті
13	Өрт сөндіру деполарының тізбесі мен олардың заңды мекенжайлары	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Төтенше жағдайлар комитеті
	Табиғи және техногендік				

14	сипаттағы төтенше жағдайлар туралы шолу ақпараты	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-портал ының АЖО	Төтенше жағдайлар комитеті
15	Өрттер мен олардың зардаптарын р е с м и статистикалық есепке алу	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-портал ының АЖО	Төтенше жағдайлар комитеті
16	Қазақстан Республикасы аумағының табиғи дүлей зілзалаларға тартылуы	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-портал ының АЖО	Төтенше жағдайлар комитеті
17	Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігі санаторийлеріні ң тізбесі (атауы, мекенжайы, байланыс деректері, қызметтер тізбесі)	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Ашық деректер интернет-портал ының АЖО	Т ы л департаменті
18	Өңірлер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарына берілген төлкүжаттардың , ж е к е куәліктердің саны	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-портал ының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті
19	Өңірлер бойынша Қазақстан Республикасы азаматтарына берілген уақытша төлкүжаттардың , ж е к е куәліктердің саны	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-портал ының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті
	Өңірлер бойынша тұрғылықты				

20	жерде тіркелген Қазақстан Республикасы азаматтарының саны	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті
21	Өңірлер бойынша Қазақстан Республикасында тіркелген шетелдердің және азаматтығы жоқ, уақытша болатын адамдардың саны	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті
22	Өңірлер бойынша Қазақстан Республикасында шетелдіктерге және тұрақты тұруға азаматтығы жоқ адамдарға тіркелген және берілген рұқсаттардың саны	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті
23	Еңбек иммигранттарына берілген және ұзартылған рұқсаттардың саны	Тоқсан сайын	Тоқсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті
24	Күзет қызметімен айналысу құқығына берілген лицензиялар тізілімі	Жарты жылда бір рет	Жарты жылда бір рет	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Әкімшілік полиция комитеті
25	Мемлекеттік көрсетілетін қызметтердің сапасын қоғамдық мониторингілеу нәтижелері	Жыл сайын	Жыл сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті, Әкімшілік полиция комитеті, Төтенше жағдайлар комитеті

26	Рұқсат беру іс-қимылдарын жүзеге асыру тәртібі лицензиялау, аккредиттеу, тіркеу және басқалары)	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті, Әкімшілік полиция комитеті, Төтенше жағдайлар комитеті
27	Ішкі істер органдары көрсететін мемлекеттік қызметтер стандарттары мен регламенттері	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Өзгеріс енгізілуіне қарай	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті, Әкімшілік полиция комитеті, Төтенше жағдайлар комитеті
28	Жеке және заңды тұлғаларды қабылдау тәртібіТоксан сайын	Токсан сайын	Токсан сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Құжаттамалық қамтамасыз ету басқармасы
29	Ішкі істер органдарының мемлекеттік қызметтер көрсету мәселелері бойынша қызметі туралы есептер	Жыл сайын	Жыл сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Көші-қон полициясы департаменті, Әкімшілік полиция комитеті, Төтенше жағдайлар комитеті
30	Алынған және пайдаланылған, шетелдік мемлекетке, халықаралық немесе шетелдік ұйымға және (немесе) қорға ұсынылған гранттар туралы ақпарат	Жыл сайын	Жыл сайын	Ашық деректер интернет-порталының АЖО	Кадр жұмысы департаменті